

Мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

"Денсаулық жағдайы бойынша ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау"

Көрсетілетін қызметті алушының ата-аналары (заңды өкілдері) жүгінген кезде Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізімі

- 1) көрсетілетін қызметті алушының ата-анасының немесе өзге де заңды өкілінің арнаулы білім беру ұйымына қабылдау туралы өтініші (еркін нысанда);
- 2) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы;

Құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

- 1) – нөлдік сыныпқа қабылдау үшін-күнтізбелік жылдың 1 маусымынан 31 тамызына дейін;
- бірінші сыныпқа қабылдау үшін-күнтізбелік жылдың 1 сәуірінен 31 тамызына дейін;
- 2) көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 (он бес) минуттан аспайды;
- 3) көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 (он бес) минуттан аспайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:

- 1) құжаттарды қабылдау туралы қолхат (еркін нысанда);
- 2) арнайы білім беру ұйымына қабылдау туралы бұйрық.

Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 17.00-ге дейін түскі үзіліспен сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін **тегін** көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінің байланыс телефондары 8(7152)-32-03-55.